

БЕКМҰРАТ НАЙМАНБАЕВ – 60 ЖАСТА

Ғ.Қ. Кенжебаев

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы

e-mail: Kgabit62@mail.ru



Silkway Халықаралық университеті «Қазақстанның қазіргі заман тарихы және география» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Бекмұрат Рахымбердіұлы Найманбаев биылғы жылы мерейлі 60 жасқа толып отыр.

Б.Р. Найманбаев 1961 жылғы 5 маусымда Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы, Алғабас (қазіргі Бәйдібек) ауданы, Алғабас елді мекенінде дүниеге келген. 1968-1978 жылдары Алғабас елді мекеніндегі Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебінде оқыған.

Б.Р. Найманбаев еңбек жолын 1975 жылы Алғабас (қазіргі Шақпақ ауылы) елді мекенінде Бас шопанның көмекшісі болып бастаған.

1979 жылы комсомолдық жолдамамен Гурьев педагогикалық институтына (қазіргі Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне) түсіп, 1983 жылы тарих-филология факультетін «Тарих және қоғамтану» пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Институт қабырғасында жүріп-ақ ол өзінің іскер ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсе білген. 1980-1982 жылдары студенттердің құрылыс отрядына қатысып, бірнеше ғимараттарды салуда белсенділік танытқан, бригадир болған. Ол бастаған істі аяғына дейін жеткізуімен

ерекшеленеді. Факультет жанынан құрылған студенттердің «Атамекен» тарихи-өлкетану үйірмесінің мүшесі болған. Бірнеше тарихи-археологиялық экспедициялар барысында «Сарайшық» қаласының қазба жұмыстарына қатысқан. Жақсы оқығаны және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқаны үшін тарих-филология факультетінің «Құрмет кітабына» енгізілген.

Институтты бітірген соң 1983-1995 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы, Шардара ауданы, «Ақ алтын» орта мектебіне тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі болып ұстаздық қызмет атқарған.

Б.Р. Найманбаев 1996 жылдан бастап жоғары оқу орнына ауысып, «Қайнар» университетінің Оңтүстік Қазақстан аймақаралық филиалының «Қоғамдық құқықтық» пәндер кафедрасының оқытушысы болып қабылданады да ғылымға ден қоя бастайды. Ол 2004 жылғы 30 қазанда Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институты жанындағы Диссертациялық кеңестің мәжілісінде «07.00.02-Отан тарихы» мамандығы бойынша «1979-1999 жылдар аралығындағы Қазақстандағы көші-қон үрдістерінің тарихы» атты тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Б.Р. Найманбаев 2001 жылдан бастап Silkway Халықаралық (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті) универ-

ситетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасында аға оқытушы қызметіне ауысады.

2005-2018 жылдар аралығында аталған университетте «Қазақстан тарихы және география» кафедрасының меңгерушісі қызметінде істеді.

2018 жылғы 1 қыркүйектен қазіргі уақытқа дейін «Қазақстанның қазіргі заман тарихы және география» кафедрасының профессоры лауазымында дәріс береді.

Б.Р. Найманбаев Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Silkway халықаралық университетінің арасында жақсы байланыс орната білген. Екі университеттің тарих мамандығының студенттері арасында 2006 жылы Ордабасы кездесуінің 280 жылдығына арналған студенттердің университет аралық тарихи-өлкетану экспедициясы ұйымдастырылса, 2011 жылы сәуір айында «Ұлы Жібек жолы бойымен» І тарихи-танымдық экспедициясы, 2012 жылдың 21-22 сәуір күндері «Тәуелсіздік-теңдігім, Егемендік-елдігім» атты ІІ тарихи-танымдық (Облыстың тарихи-мәдени орындары: «таңбалы тастар, Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі т.б.) экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция қорытындысы бойынша мақалалардың жинағы жарық көрді.

Б.Р. Найманбаев 2010 жылы тарих мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алған. 2010 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан «Ыбырай Алтынсарин», «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгілерімен марапатталған.

Б.Р. Найманбаев 2015 жылғы 20 ақпанда Қырғыз Республикасы, Ишенали Арабаев

атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті жанындағы Д.07.13.013 диссертациялық кенес мәжілісінде «Миграционная политика в Казахстане в 1920-2010 гг.» атты тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, «Тарих ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесін алған.

2018 жылығы 8 маусымда ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі болып сайланған және ұйымның алтын медалімен марапатталған. Оған 2018 жылғы 25 қазаннан Ишеналы Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры» ғылыми атағы берілген.

Б.Р. Найманбаевтың 190-нан аса ғылыми мақалалары мен бірнеше монографиясы, оқу құралдары жарық көрген. «Қазақстан Республикасының халықаралық қатынас тарихы» атты авторлық курсы (5-кредит) дайындау барысында «Қазақстанның әлемнің жетекші елдерімен өзара қарым-қатынас тарихы. Үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын», «Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл тарихы. Үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын», «Қазақстан-ТМД елдері. Үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын» оқу құралдары «N-press» баспасынан жарық көрген. Осы үш оқу құралының мазмұны бойынша 6 мақаласы Скопус деректер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарында жарық көріп, АҚШ-тың Стэнфорд университеті мен Техас университеттерінің ғылыми ортасында жоғары баға алған.

Бүгінгі күні мерейлі 60 жас иесі Найманбаев Бекмұрат Рахымбердіұлына шығармашылық табыс, зор денсауық пен таусылмас табыс тілейміз.